



БІЛІМ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

• 8D05202–География

БІЛІМ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ

Халықаралық стандарттарға сәйкес келетін және Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдасуға мүмкіндік беретін, болашақта өзінің ғылыми бағытын қалыптастыруға қабілетті география және табиғатты пайдалану саласындағы бәсекеге қабілетті маман ретінде ғылыми-педагогикалық кадрларды дайындау.

КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ

- Білім беру және тәрбиелеу;
- Ғылыми қызмет;
- Білім берумен байланысты мемлекеттік реттеу.

Оқу нәтижелері (ОН)

ОН1– ғылыми танымның дамуындағы қазіргі тенденцияларды, географиялық жаһандану үрдістерінің әлеуметтік-экономикалық салдарларын және экономикалық, саяси және мәдени ортаның қазіргі жағдайын талдау және бағалау;

ОН2-география саласындағы білімді кәсіби қызметте қолдануға қабілетті; логикалық ойлау тұрғысынан дамыған, ғылыми дереккөздердегі басты және географиялық нысандар арасындағы логикалық өзара байланыстарды ерекшелеуге, сонымен қатар жаңа тұжырымдамалық шешімдерді ұсынуға қабілетті болу;

ОН3- қолданбалы міндеттерді, оның ішінде әлеуметтік, экономикалық және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің стратегиялық міндеттерін шешу үшін тұрақты дамуды жобалаудың жаратылыстану-ғылыми әдістерін қолдану;

ОН4 - географиялық үрдістерді болжау үшін ГАЗ технология көмегімен географиялық ақпаратты өңдеудің заманауи инновациялық әдістерін қолдану дағдыларына ие болу;

ОН5 - халықтың және шаруашылықтың кеңістік құрылымдарын қалыптастыру заңдылықтарын талдай алу;

ОН6 - жаһандық, өңірлік және жергілікті деңгейлерде ландшафтық жобалауды экологиялық-экономикалық оңтайландыру дағдыларын меңгеру;

ОН7 - жұмыс істей білу және талқылау үшін ғылыми зерттеулердің нәтижелерін ұсыну және өз көзқарасын дәлелдей білу;

ОН8 - еңбек нарығы сұраныстарының біліктілік талаптарына сәйкес болу, қойылған міндеттерге байланысты қызметтің ерекше түрлерін орындауы және проблемалық жағдайлардың қорытындысын жасай білуі тиіс.